



**Автор:** МІРКЕМЕЛ АЙНҰР МҰРАТҚЫЗЫ

**Пән:** Қазақ тілі (Т1)

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер

**Тақырып:** Қазақстанның жануарлар дүниесі

|   |   |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 8.3.3.1 – мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу.<br>8.4.4.2 – тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану.                         |
| Сабақтың мақсаты:                             | Оқушылардың барлығы: Мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіннің маңызды тұстарын анықтай алады<br>Оқушылардың көпшілігі: Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшені орынды қолдана алады<br>Оқушылардың кейбірі: графиктік мәтіннің ерекше тұсын анықтай алады |
| Тілдік мақсаттар:                             | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: мәтін, графиктік мәтін, тұрлаулы мүше<br>Диалог пен жазу үшін сөздер мен сөз тіркестері: жануар, орта, дала, орман, шөл<br>Талқылауға арналған сұрақтар: Қазақстанның жануарлар дүниесі қандай?                   |
| Күтілетін нәтиже:                             | графиктік мәтіннің ерекше тұсын анықтай алады. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерді орынды қолданып үйренеді.  |
| Бағалау критерийлері:                         | мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жаза алады тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдана алады                                      |
| Құндылықтарды дарыту:                         | 1. Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;<br>2. Қарым-қатынас жасау қабілеті;<br>3. Өзгелердің мәдениетіне және көзқарасына құрметпен қарау;<br>4. Өмір бойы оқуға дайын болу;   |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | Bilimland.kz<br>Қима қағаз, мәтін, карточка   |
| Пәнаралық байланыс:                           | Биология  |
| Бастапқы білім:                               | Биология пәнінен кейбір мәліметтермен таныс   |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері   | Жоспарланған іс-әрекет  | Ресурстар |
|-------------------|---|-----------|
| Сабақтың басы (5) | 1. Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. Оқушыларды түгендеу.<br>2. Үй жұмысын тексеру.<br>3. Филворд.<br>Сабақтың тақырыбын болжайды А К Р А Ю М Б У Ы С Қ И Ү А У Л А С Р С С Ы Н Қ К І Т Ж Р Ы 4. Сабақтың тақырыбын болжайды Бүгінгі біздің тақырыбымыз: «Қазақстанның жануарлар дүниесі» |           |

| Сабақкезеңдері  | Жоспарланған іс-әрекет  | Ресурстар |
|-----------------|---|-----------|
| Сабақтың ортасы | <p>Оқылым тапсырмасы. <b>Білу, түсіну. «Инсерт».</b> Берілген слайдтармен мұқият танысып, графикалық мәтінмен танысыңдар. Сұрақтар төңірегінде пікір таластырыңдар. Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Слайдты талқылайды</li> <li>2. Кестедегі білетін мәліметтеріне «+» қояды</li> <li>3. Кестедегі таныс емес мәліметтерге «-» қояды</li> <li>4. Сұрақ туындаса «?» деп белгілейді</li> <li>5. Проблемалық сұрақ төңірегінде пікір таластырады</li> <li>6. Өз ойын фактімен дәлелдейді № Түрлері Саны Табиғат ерекшелігіне байланысты түрлері 1 Сүтқоректілер 178 Даланы тышқан, алақоржын, қасқыр, түлкі, борсыққой мекендейді. Киік жиі ұшырасады. Дала құстарынан дуадақ, тырна, торғайдың әр түрі (қараторғай, бозторғай, шымшық) кездеседі. 2 Құстар 489 Шөлдің де түрлері көп. Ала жертесер, сарышұнақтың, құм тышқандарының кей түрлері, кірпі, құм қояны, құстардан сексеуіл жорға торғайы кездеседі. Жылан, кесіртке сияқты жорғалаушылар шөлді далаларда көп. 3 Балық 104 Орманды даланың сүтқоректілері қатарына қоян, ақкіс, елік кіреді. Қасқыр мен түлкі мұнда да жиі кездеседі. Құстардан құр, шіл кең тараған, қайыңды ормандарды бөктергі, ителгі сияқты жыртқыш құстар мекендейді. Ашық алаңдарда қарғаның түрлері, былдырық бар. 4 Омыртқасыздар 50 мыңнан астам Таулы аудандарда қоңыр аю, тундра құры, тау ұлары кездеседі. Жетісу Алатауы, Күнгей Алатауы бойын бұғы, сілеусін, шиқылдақ торғай, шақылдақ тышқан, шымшық, Батыс Тянь-Шаньды ұзын құйрық тышқан, жайра, көк қарға, суықторғай, шыбыншы торғай, ақтамақ бұлбұл мекендейді.</li> </ol> <p>Сұрақтар: 1. Қазақстанның жануарлар дүниесін сипаттаңыз<br/>2. Қай жануарлардың түрі көп кездеседі?<br/>3. Табиғат ерекшеліктеріне қарай қалай бөлінеді?<br/>4. Шөлді аймақтарда қайсы мекендейді?</p> <p><b>Қолдану, талдау.</b> «Баяндауыш туралы деректермен танысып. жұпта талқылаңдар. Жұпта «Қазақстанның жануарлар дүниесі» деген тақырыпта баяндауыштың әр түрлі формаларын қолдана отырып, диалог құрастырыңдар. Баяндауышқа тән белгілер: Баяндауыш бастауышқа бағынышты сөйлем мүшесі.</p> <p>Баяндауыш сөйлемдегі ойды тиянақтайды. Баяндауыш бастауыштың әр түрлі қасиетін көрсетеді. а/ ісін, қимылын ә/ жай-күйін, заттың сандық, сапасын, мөлшерін, мекенін, мезгілін б/ іс-әрекеттің сапасын в/ қасиетін г/ амалын д/ кім екендігін, белгісі мен сапа ретін т.б. Баяндауыш бастауышпен жақ, жекеше, көпше түрде үйлесуі. Предикативтілік білдіруі. Олар екі құрамда болады. Сөйлемнің бас мүшесі болады. Осы белгілеріне қарай ереже шығару: Демек баяндауыш дегеніміз - бастауыштың қимылын, ісін, жайын, күйін, заттық, сындық сапасын, санын, мөлшерін, мекенін, мезгілін, предикативтілік іс-әрекетті білдіріп, екі құрамда жұмсалатын, ойды тиянақтап, бастауышқа бағынышты болып тұратын сөйлемнің бас мүшесі.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Диалог құрастырады</li> <li>2. Баяндауышты орынды қолданады</li> <li>3. Әр түрлі сөз табынан жасалған баяндауыштарды қолданады</li> <li>4. Баяндауыштың әр түрлі формасын қолданады Жинақтау, бағалау.</li> </ol> <p><b>«Рафт» стратегиясы.</b> «Қазақстанның жануарлар дүниесі» тақырыбында мәтіндегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазыңдар. 1-топ. Сүтқоректілер мен орманды далада, таулы аймақтарға мекен ететін жануарларды суреттейді 2-топ. Құстар мен таулы аймақтардағы құстар туралы суреттейді 3-топ. Балықтар мен шөлді және даланы мекендейтін жануарлар туралы суреттейді. Рөл Автор Форма Текст 1-топ зерттеуші 2-топ экспедитор 3-топ турист</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Үлгіге сүйенеді</li> <li>2. Рөлін анықтайды</li> <li>3. Формасын талдайды</li> <li>4. Маңызды дерек келтіреді</li> <li>5. Баяндауышты дұрыс қолданып, талдайды</li> <li>6. Ойын қорытындылайды</li> </ol> |           |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет   | Ресурстар |
|----------------|--|-----------|
| Сабақтың соңы  | Жазылымнан кейінгі тапсырма Ширату жаттығуы. Сөйлемді толықтыр .<br>Рефлексия. <b>Аяқ іздері.</b> Аяқтың ізі салынған үш А4 жерге жаямын. Бір оқушы шығып, бірінші ізге сабақтан не түсінгенін, екінші ізге қай тапсырма қиын болғанын, үшінші ізге сұрағын айтады Үй жұмысы. 94 бет, Ә тапсырмасы. Сөйлеммен жазып, баяндауышын көрсету |           |
| Рефлексия      | . Рефлексия. Аяқ іздері. Аяқтың ізі салынған үш А4 жерге жаямын. Бір оқушы шығып, бірінші ізге сабақтан не түсінгенін, екінші ізге қай тапсырма қиын болғанын, үшінші ізге сұрағын айтады  |           |